

## **АҚЫЛЫ МЕДИЦИНАЛЫҚ ҚЫЗМЕТТЕРДІ (КӨМЕКТІ) КӨРСЕТУ ЖӨНІНДЕГІ ЖАРИЯ ОФЕРТА ШАРТЫ**

Алматы қ.

Бұдан әрі «**Жеткізуші**» деп аталатын, Жарғы негізінде әрекет ететін Бас директоры Алдашева Нэйля Ахметовна ұсынатын «**Құрмет Белгісі**» орденді **Көз аурулары Қазақ ғылыми-зерттеу институты**» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі (Медициналық қызметпен айналысуға арналған № 20012895 лицензияны 04.09.2020 ж. Алматы қаласының Әкімдігі «Алматы қаласының Кәсіпкерлік және инвестициялар басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі берген (алғашқы берілген күні 24.09.2010 ж.), және Жеке тұлғалар мен олардың заңды өкілдері (бұдан әрі – «**Тапсырыс беруші**»), Осы Жария оферта шартының талаптарына сай Ақылы медициналық қызметтерді (көмекті) көрсету жөнінде Шарт жасасуға ниет білдіреді:

### **1. Жалпы ережелер**

**1.1.** Осы Шарт оферта шарты болып табылады және Жеткізуші ұсынатын ақылы медициналық қызметтердің барлық маңызды талаптарын қамтиды.

**1.2.** Шарт талаптары барлық Тапсырыс берушілер үшін бірдей.

**1.3.** Осы офертаны қабылдауға (құптауға) ниет білдірген Тапсырыс берушілердің оны құптауы төмендегі әрекеттердің бірін орындау арқылы жүзеге асырылады:

- маманның қабылдауына алдын ала жазылу, оның ішінде call-орталық арқылы;
- пациентке ақпарат беретін келісім құжатына қол қою;
- медициналық картаға осы офертаның талаптарымен келісетіні туралы қол қою;
- медициналық қызметтерді нақты алу;
- медициналық қызметтер үшін ақы төлеу.

### **2. Жария оферта шартының мәні және қызметтерді көрсету тәртібі**

**2.1.** Тапсырыс беруші ақылы медициналық қызметтерді (бұдан әрі – «Қызметтер») Прейскурантқа сәйкес көрсетуді Жеткізушіге жүктейді, ал Жеткізуші Қызметтерді көрсетуге міндетті болады.

**2.2.** Шарт бойынша көрсетілетін Қызметтердің тізбесі мен көрсету мерзімдері, көрсетілетін медициналық қызмет пен оның тиімділігі, пайдаланылатын медициналық бұйымдар туралы ақпарат, Қызметтерді көрсетуге қатысатын медицина қызметкерлері туралы, олардың кәсіптік білімі мен біліктілігі туралы мәліметтер Жеткізушінің ресми сайтында жарияланған: <https://eyeinst.kz/>. Жеткізуші Қызметтерді көрсету мерзімін ұзартуға құқылы, бұл туралы Тапсырыс берушіге телефон байланысы және/немесе электронды байланыс құралдары арқылы хабарлауға міндетті.

**2.3.** Қызметтердің құны Жеткізушінің Тапсырыс беруші Қызметтер үшін төлем жасағалы тұрған сәтте қолданыста болатын Баға прейскурантына (бұдан әрі – «Прейскурант») сәйкес айқындалады. Прейскурант Жеткізушінің осы Шарт бойынша көрсете алатын Қызметтерінің толық тізбесін қамтитын ресми құжаты болып табылады.

**2.4.** Жеткізуші Прейскурантқа, сондай-ақ Жеткізушінің ресми сайтындағы: <https://eyeinst.kz/> тиісті бөлімдерге өзгерістер енгізу арқылы Қызметтердің тізбесін, құнын, қызмет көрсету тәртібі мен мерзімдерін бір жақты тәртіппен өзгертуге құқылы, Тапсырыс беруші көрсетілген өзгерістер енгізілгенге дейін төлеген қызметтерді қоспағанда.

**2.5. Қызмет көрсетілетін орын:**

**2.5.1.** Қазақстан Республикасы, Алматы қ., Төле би көшесі, 95А мекенжайында орналасқан «Құрмет Белгісі» орденді Көз аурулары Қазақ ғылыми-зерттеу институты» ЖШС;

**2.5.2.** Қазақстан Республикасы, Алматы қ., Қожамқұлов көшесі, 136 (Весновка өз., Төле би көшесінің бұрышы) мекенжайында орналасқан Консультациялық-оңалту бөлімшесі (емхана);

**2.5.3.** «Құрмет Белгісі» орденді Қазақ көз аурулары ғылыми-зерттеу институты» ЖШС-нің Қазақстан Республикасы, Астана қ., Жеңіс даңғылы, 16/1 мекенжайында орналасқан Астана филиалы;

**2.5.4.** «Құрмет Белгісі» орденді Қазақ көз аурулары ғылыми-зерттеу институты» ЖШС-нің Қазақстан Республикасы, Шымкент қ., Абай ауданы, Арғынбеков көшесі, 54-ғимарат мекенжайында орналасқан Шымкент филиалы.

**2.6.** Тапсырыс беруші Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі және/немесе міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру шеңберінде Жеткізуші көрсететін қызметтерді (егер мұндай қызметтер ТМККК және/немесе МӘМС шеңберінде Жеткізуші көрсететін қызметтер тізбесіне кіретін болса) алуға құқылы.

**2.7.** Шарттың 1.3-тармағында көрсетілген әрекеттер осы Шарт бойынша толық әрі сөзсіз акцепті (құптауды) білдіреді.

Егер Жеткізуші осы Шарт бойынша Тапсырыс берушіге көрсетуі тиіс болған Қызметтер тізбесіне қосымша құжаттарды ресімдеуді қажет ететін емдік шаралар кіретін болса, Тапсырыс беруші тиісті құжаттарға қол қойған жағдайда Шарт жасалған болып есептеледі.

**2.8.** Жария оферта шарты бойынша Акцепті (құптауы) Тапсырыс берушінің онымен танысқанын растауы және оның Ақылы медициналық қызметтерді (көмекті) көрсету жөніндегі шарттың барлық маңызды талаптарымен келісуі болып табылады.

**2.9.** Шарт талаптарын қабылдай отырып, Тапсырыс беруші төмендегілерді растайды және кепілдік береді:

**2.9.1.** Ақылы медициналық қызметтерді (көмекті) көрсету жөніндегі шарт талаптарымен таныстым және олармен келісемін;

**2.9.2.** Жеткізушінің Шарт шеңберіндегі Қызметтерді көрсетуі үшін қажет болатын Тапсырыс берушінің дербес деректерін жинау, сақтау, өңдеу және пайдалану талаптарымен, сондай-ақ Тапсырыс берушінің дербес деректерінің, оның ішінде дәрігерлік құпияны құрайтын деректердің Қызметтерді көрсету үшін Жеткізуші тартатын үшінші тұлғаларға ұсынылатынымен таныстым және келісемін;

**2.9.3.** Зертханалық зерттеуге дайындалу ережелерімен таныстым және оларды орындауды міндетіме аламын.

**2.10.** Жеткізушіге өзінің байланыс деректерін, ұялы телефонының нөмірін, сондай-ақ электронды почтасының мекенжайын бере отырып, Тапсырыс беруші сол нөмірге/мекенжайға Жеткізушінің СМС-хабарламалары жіберілетініне, электронды почтасының мекенжайына хат-хабарлардың, оның ішінде Жеткізуші өткізетін науқандар туралы ақпараттың және басқа да жарнамалық-ақпараттық хабарламалардың келіп тұратынына өз келісімін білдіреді.

**2.11.** Жеткізуші Қызметтерді көрсетуге Тапсырыс беруші көрсетілетін Қызметтердің құнын 100 % мөлшерде алдын ала төлегеннен кейін ғана кіріседі.

**2.12.** Жеткізуші Қызметтерді өзінің ішкі жұмыс тәртібінің қағидаларына сай, тіркеу бөліміне, оның ішінде call-орталықтың: +7 727 341 07 71, +7 702 075 07 71 телефон нөмірлері арқылы алдын ала жазылу бойынша көрсетеді.

**2.13.** Тапсырыс беруші алдын ала жазылмаған және ақы төлемеген жағдайда, Жеткізуші Тапсырыс берушіге Қызметтерді көрсетпеуге құқылы.

**2.14.** Тапсырыс берушіге медицина қызметкерінің нұсқауларын (ұсынымдарын) орындамауы көрсетілетін қызметтің сапасын төмендетуі, оның өз мерзімінде аяқталмауы немесе денсаулыққа кері әсерін тигізуі мүмкін екені туралы хабарланды.

### **3. Тараптардың құқықтары мен міндеттері**

#### **3.1. Жеткізуші міндетті:**

**3.1.1.** Тапсырыс берушіге Қызметтерді, Тапсырыс беруші ақша қаражатын Шарттың 4-бабында белгіленген тәртіппен 100 % мөлшерде төлегеннен кейін, Жеткізушінің лицензияларына және Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес сапалы әрі белгіленген мерзімдерде көрсетуге;

**3.1.2.** Тапсырыс берушіге осы Шарт бойынша медициналық қызметтерді көрсеткелі отырған кезде қолданыста болатын Прейскурантымен танысу мүмкіндігін беруге;

**3.1.3.** Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес, дәрігерлік құпия тәртібін сақтауға;

**3.1.4.** Тапсырыс берушінің дербес деректерін алған сәттен бастап оларды қорғау бойынша шараларды қолға алуға, медицина қызметкерлерінің Тапсырыс берушінің дербес деректері сақталған электронды ақпараттық ресурстарға тек Тапсырыс берушіге медициналық көмек көрсету мақсатында ғана кіруін қамтамасыз етуге;

**3.1.5.** Медициналық Қызметтерді көрсету барысында өзінің аумағын қажетті санитарлық-гигиеналық және эпидемияға қарсы жағдайда ұстауға;

**3.1.6.** Қызметтер үшін ақы төленгеннен кейін, Тапсырыс берушінің немесе ол атаған тұлғаның талап етуі бойынша, оған белгіленген үлгідегі қажетті медициналық құжатты беруге;

**3.1.7.** Қызметтерді көрсету барысында есепке алу және есеп беру құжаттамасын уәкілетті орган белгілеген нысандар бойынша жүргізіп отыруға.

#### **3.2. Жеткізуші құқылы:**

**3.2.1.** Қызметтерді уақытынан бұрын көрсетуге;

**3.2.2.** Жеткізушіге бағынбайтын мән-жайлар себепті, оның ішінде зертханалық зерттеу нәтижелері күдікті болған жағдайда, сондай-ақ үшінші тұлғалардың әрекеті (әрекетсіздігі) салдарынан Қызметтерді көрсету мерзімін бір жақты тәртіппен ұзартуға;

**3.2.3.** Мынадай жағдайларда Қызметтерді көрсетуден Тапсырыс берушінің шығындарын өтеместен бір жақты тәртіппен бас тартуға және Жеткізуші Шарт тоқтатылған сәтке дейін нақты көрсетіп үлгерген Қызметтер үшін ақы төленуін талап етуге:

**3.2.3.1.** Тапсырыс беруші Жеткізушінің Қызметтерді көрсету тәртібі мен шарттарын сақтамаған жағдайда, оның ішінде Тапсырыс берушінің сондай әрекеттерінің салдарынан Қызметтерді көрсету мүмкін болмай қалған жағдайда;

**3.2.3.2.** Тапсырыс берушіде емдеу-алдын алу шараларын жүргізуге қарсы көрсетілімдер анықталған жағдайда;

**3.2.3.3.** Тапсырыс беруші Жеткізушінің ұсынымдарын орындамаған жағдайда;

**3.2.3.4.** Тапсырыс беруші нақты қызмет түрлерін көрсетуге қажетті құжаттарды ресімдеуден (оларға қол қоюдан) және/немесе ақпарат беретін ерікті келісім парағына қол қоюдан бас тартқан жағдайда;

**3.2.3.5.** Қызметтерді қауіпсіз көрсету мүмкін болмай қалған жағдайда;

**3.2.3.6.** Қызметтерді көрсету Тапсырыс берушіге кері әсерін тигізуі мүмкін болған жағдайда;

**3.2.3.7.** Тапсырыс беруші Шарт талаптарын орындаудан және/немесе Қызметтерді алудан бас тартқан жағдайда;

**3.2.3.8.** Тапсырыс беруші агрессиямен, жат мінез танытқан жағдайда, алкогольдік, есірткілік және басқадай мас күйінде келген жағдайда;

**3.2.3.9.** Тапсырыс беруші әдеп қағидаларын сақтамаған жағдайда.

**3.2.4.** Жеткізуші қызметтерді көрсетуден бір жақты тәртіппен бас тартқан немесе Шартта белгіленген нормаларды орындаудан бір жақты тәртіппен бас тартқан және/немесе

Тапсырыс беруші Қызметтерді алудан бас тартқан жағдайда, оның ішінде Шарттың 3.2.3.3; 3.2.3.7; 3.2.3.8; 3.2.3.9 тармақтарындағы жағдайларда Жеткізуші Тапсырыс беруші төлеп қойған, Тапсырыс берушіге қайтарылуы тиіс ақша қаражатынан Жеткізушінің нақты тартқан шығындарының құнын ұстап қалуға құқылы.

**3.2.5.** Тапсырыс беруші медицина қызметкерінің нұсқауларын, ұсынымдарын және тағайындаған емін бұзған жағдайда, Жеткізуші сондай бұзушылықтарды білген сәттен бастап осы Шартты орындаудан бас тартуға құқылы, егер медициналық қызметтерді көрсетуді тоқтату Тапсырыс берушінің өміріне және қоршаған ортадағы адамдардың денсаулығына қауіп төндірмейтін болса. Мұндай жағдайда нақты көрсетілген қызметтердің құны қайтарылмайды, ал Жеткізуші Тапсырыс берушінің денсаулығының нашарлағаны үшін жауап бермейді.

**3.2.6.** Тапсырыс беруші осы Шартта баяндалған өзін-өзі дұрыс ұстау қағидаларын сақтамаған жағдайда Жеткізушінің қызметкерлері Тапсырыс берушіге қызмет көрсетуден бас тартуға құқылы.

### **3.3. Тапсырыс беруші міндетті:**

**3.3.1.** Қызметтерді көрсету басталмай тұрып Қызметтердің құнын 100 % төлеуге;

**3.3.2.** Қызметтерді көрсету басталғанға дейін Жеткізушіге Қызметтерді көрсетуге қажетті барлық ақпаратты, оның ішінде медициналық препараттарды қабылдағаны туралы, Қызметтерді көрсетуге немесе олардың нәтижелеріне әсер етуі мүмкін болған жеке ерекшеліктері туралы хабарлауға, Жеткізушінің Қызметтерді көрсетуге байланысты барлық нұсқауларын бұлжытпай орындауға;

**3.3.3.** Жеткізушіге өзінің жеке басын қуәландыратын құжатын (жеке куәлік, төлқұжат, тұруға ықтиярхат, туу туралы куәлік және басқа) ұсынуға және ұсынылған құжаттағы мәліметтердің Тапсырыс берушінің төлқұжаттағы шынайы деректеріне сәйкес келетініне дербес жауап беруге;

**3.3.4.** Жеткізуші белгілеген тәртіпті, ішкі тәртіп ережелерін сақтауға, Жеткізушінің мүлкіне ұқыппен қарауға;

**3.3.5.** Үшінші тұлғалардың (Жеткізушінің пациенттерінің) құқықтарын бұзатын іс-әрекеттерді жасамауға;

**3.3.6.** Жеткізушінің ұсынымдарын орындауға;

**3.3.7.** Жеткізушінің медициналық ұйымында агрессия танытпауға, жат мінез-құлық көрсетпеуге, алкогольдік, есірткілік және басқадай мас күйінде келмеуге;

**3.3.8.** Әдеп нормаларын сақтауға, медицина қызметкерлеріне былапыт сөйлеуден, әбес қылықтар (белгілер) мен заттар көрсетуден, оның ішінде бұқаралық ақпарат құралдарын немесе телекоммуникация желілерін пайдалану арқылы, лайықсыз мінез-құлықтан, мазақ қылудан көрінген құрметтемеушілігін танытпауға;

**3.3.9.** Дәрігердің кабинетіне оның шақыруы бойынша кіруге. Дәрігердің кабинетінде қабылдау жүріп жатқан кезде оған шақыртусыз кіруге тыйым салынады;

**3.3.10.** Жеке бас гигиенасын сақтауға;

**3.3.11.** Эпидемия (жіті респираторлық вирустық инфекция және басқа) кезінде әлеуметтік қашықтықты сақтауға, жеке қорғаныш құралдарын қолдануға: респираторлық инфекциядан қорғануға арналған, дәкеден тігілген немесе басқадай бетперде тағуға;

**3.3.12.** Әрбір инвазиялық араласу алдында Тапсырыс беруші ақпарат беретін келісім парағын оқып, оған қол қоюға міндетті;

**3.3.13.** Тапсырыс беруші және оны ертіп жүретін адамдар Жеткізушінің өндірістік базасына келген кезде оның мүлкіне ұқыппен қарауы қажет. Кез келген мүлік түріне залал келтірген жағдайда (жоқ қылу, бұлдіру, бұзу және т.б.) кінәлі адам Жеткізушінің өндірістік базасына келтірілген шығынды талап етілген сәттен бастап 7 (жеті) жұмыс күні ішінде ерікті түрде өтеп береді, немесе әкімшілік оны кінәлі адамнан заңмен белгіленген тәртіппен өндіріп алуға құқылы болады;

**3.3.14.** Осы Шарттың қолданылу мерзімі ішінде өзін-өзі емдеумен айналыспауға, өзінің іс-әрекеттерін дәрігермен алдын ала келісіп алмайынша тәуіптердің, дәстүрлі емес

медицина дәрігерлерінің, сондай-ақ өзге медициналық ұйымдардың ұсынымдарын орындамауға және олардан ем қабылдамауға;

**3.3.15.** Көрсетілген Қызметтердің нәтижесін қабылдау барысында, **Тапсырыс беруші** белгілі болған кемістіктер туралы Жеткізушіге дереу хабарлауға міндетті. Егер көрсетілген Қызметтердің нәтижесін қабылдау барысында, Тапсырыс беруші Жеткізушіге қандай да бір қарсылықтарын жеткізбеген болса, немесе Қызметтерді көрсету аяқталғаннан кейін Тапсырыс беруші көрсетілген Қызметтердің нәтижесін қабылдаудан дәлелді себептерсіз бас тартатын болса, Қызметтер көрсетілген болып, ал Тапсырыс беруші көрсетілген Қызметтердің нәтижесін ешқандай қарсылықсыз және ескертусіз қабылдаған болып саналады.

**3.3.16.** Тапсырыс беруші Қызметтерден олар аяқталмай тұрып бас тартқан жағдайда, **Тапсырыс беруші** Жеткізушіге оның нақты тартқан шығындарын төлеп беруге міндетті, шығын көлемін Жеткізуші айқындайды және Тапсырыс берушінің Қызметтерден бас тартатыны туралы хабарламасын алған сәтке дейін шыққан шығындарына байланысты болады, оған пайдаланылған ресурстар, реагенттер, дәрі-дәрмектер, жұмсалған материалдар және басқасы кіреді. Тапсырыс берушінің Қызметтерден олар көрсетіліп болғаннан кейін бас тартуы тараптардың келісімен немесе тиісті сараптаманың көмегімен анықталған дәлелді себептер бар болған жағдайда ғана іске асады.

#### **3.4. Тапсырыс беруші құқылы:**

**3.4.1.** Кез келген уақытта Жеткізушінің қызметіне араласпастан, Жеткізушінің Тапсырыс берушіге көрсететін Қызметтерінің барысы мен сапасының тексерілуіне бастамашы болуға.

**3.4.2.** Жеткізушіден өзінің денсаулығына, ұсынылып отырған диагностикалау және емдеу әдістеріне қатысты қосымша түсініктеме беруін талап етуге, егер бұрын берілген түсініктемелерді түсінбеген болса.

### **4. Қызметтердің құны және есеп айырысу тәртібі**

**4.1.** Қызметтердің құны тапсырыс беруші Жеткізушінің Қызметтеріне төлем жасайтын сәтте қолданыста болатын Прейскурант негізінде айқындалады.

**4.2.** Тапсырыс беруші Жеткізушінің Қызметтері үшін Қызметтерді көрсету басталғанға дейін 100 % төлеуге міндетті.

**4.3.** Тапсырыс беруші кассға қолма-қол ақшамен, немесе қолма-қол ақшасыз төлем жасай алады.

**4.4.** Тапсырыс беруші Жеткізуші мекемесінің басшысының атына жазбаша өтініш беру арқылы қаралудан немесе емделуден негізді түрде бас тартқан жағдайда, медициналық қызметтер үшін төленген сома Тапсырыс берушіге оның жеке куәлігі мен чегі бар болған жағдайда қайтарылады. Жеткізуші Тапсырушы төлеп қойған, Тапсырыс берушіге қайтарылуы тиіс ақша қаражатынан Жеткізушінің нақты тартқан шығындарының құнын ұстап қалуға құқылы.

### **5. Тараптардың жауапкершілігі**

**5.1.** Тараптар өздерінің Шарт бойынша міндеттемелерін орындамаған жағдайда, Тараптар Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына және осы Шарттың талаптарына сәйкес жауапты болады.

**5.2.** Тапсырыс беруші Қызметтерді көрсету ережелері мен шарттарын және Жеткізушінің қызметкерлерінің талаптары мен ұсынымдарын орындамаған жағдайда, сол сияқты Тапсырыс беруші медициналық қараудың (Жеткізушінің өндірістік базаларынан тыс жүргізілген) дұрыс емес нәтижелерін ұсынған жағдайда, Тапсырыс беруші Қызметтердің көрсетілуіне дайындалу ережелерін сақтамаған жағдайда, Тапсырыс беруші қарсы көрсетілімдері туралы мәліметтерді жасарып қалған жағдайда, Жеткізуші көрсетілген қызметтердің сапасына жауап бермейді. Мұндай жағдайда, Жеткізушінің Қызметтері үшін Тапсырыс беруші толық төлем жасауы тиіс.

**5.3.** Медицина қызметкерлеріне өздерінің лауазымдық міндеттерін орындауы кезінде былапыт сөйлеуден, әбес қылықтар (белгілер) мен заттар көрсеткен, оның ішінде бұқаралық ақпарат құралдарын немесе телекоммуникация желілерін пайдалану арқылы, лайықсыз мінез-құлықтр, мазақ қылу, көрінген құрметтемеушілік танытқан жағдайда, Тапсырыс беруші Қазақстан Республикасының «Әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы кодексінің» 80-1 бабының 2-бөлігіне сәйкес әкімшілік жауаптылыққа тартылады.

## **6. Құпиялылық**

**6.1.** Тараптар Шарт талаптарын орындау барысында екінші тараптан алынған кез келген ақпаратты өзара құпия сақтау жөнінде міндеттеме қабылдайды.

**6.2.** Ақпаратты үшінші тұлғаларға беру, не құпия деп танылған ақпаратты жариялау екінші Тараптың жазбаша келісімін алғаннан кейін ғана жүзеге асырылады, заңнамаға сәйкес мұндай келісімді қажет етпейтін жағдайларды қоспағанда.

**6.3.** Медициналық құжаттардағы дәрігерлік құпия саналатын ақпаратты Тапсырыс берушінің немесе оның өкілінің келісімінсіз беруге Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларда ғана рұқсат етіледі.

**6.4.** Медициналық қараудың нәтижелерін Жеткізушінің персоналы Тапсырыс берушінің өзіне бетпе-бет, не Тапсырыс беруші тіркелген кезде жазып көрсеткен телефон нөмірі арқылы «WhatsApp» мобильді қолданбасының көмегімен хабарлайды.

## **7. Дербес деректерді жинау және өңдеу**

**7.1.** Осы Шартты Қазақстан Республикасының 2013 жылғы 21 мамырдағы № 94-V «Дербес деректер және оларды қорғау туралы» Заңының 7 және 8 баптарына сәйкес орындау мақсатында, Тапсырыс беруші Тапсырыс берушінің Шарттың 1.3-тармағында көрсетілген әрекеттерді жасауы Тапсырыс берушінің өзінің дербес деректерін Жеткізушіге беруге толық әрі ақпарат алғаннан кейінгі келісімі екенін мойындайды және сонымен келіседі, (дербес деректерге: Т.А.Ә., туған күні, жеке басын куәландыратын құжатының деректері, жеке сәйкестендіру нөмірі (ЖСН), кәсібі, тіркелген мекенжайы мен тұратын мекенжайы, байланыс деректері, отбасы жағдайы, клиенттің медициналық картасын ашуға қажетті деректер, өмір анамнезі, ауру анамнезі, өзге де медициналық құжаттамасы, сондай-ақ Тапсырыс берушінің өмір салты мен денсаулығына қатысты кез келген басқа деректері кіреді, бірақ бұлармен шектелмейді) және өзінің дербес деректері мен өз денсаулығына қатысты өзге де арнайы дербес деректерін Жеткізуші персоналының өңдеуіне келісімін береді.

**7.2.** Тапсырыс беруші Жеткізушіге өзінің дербес деректерін беруі Қызметтердің дұрыс көрсетілуі үшін жүзеге асырылатынын мойындайды және сонымен келіседі. Тапсырыс беруші өзінің дербес деректерін Жеткізушінің өңдеуіне келісімін береді, ал Жеткізуші Тапсырыс беруші берген дербес деректерді Тапсырыс берушінің оларды беруге (өңдеуге) келісімін алған сәттен бастап сақтауға және пайдалануға құқылы.

## **8. Қорытынды ережелер**

**8.1.** Шарт Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес реттеледі және соған сәйкес түсіндірілуі тиіс.

**8.2.** Шарт Шарттың 1.3-тармағында көрсетілген әрекеттердің бірі жасалған сәттен бастап күшіне енеді, бұл Тапсырыс берушінің Шарт талаптарын толық әрі сөзсіз Акцепттенің (қабылдағанын) білдіреді, және Тараптар өздеріне алған міндеттемелерін толық орындағанға дейін қолданылады.

**8.3.** Офертаның талаптарына қайшы келместен, Тапсырыс беруші мен Жеткізуші кез келген уақытта Ақылы медициналық қызметтерді (көмекті) көрсету жөніндегі шартты екі жақты жазбаша құжат түрінде ресімдеуге құқылы.

**8.4.** Тараптар осы Шарт бойынша туындайтын барлық дауларды тараптардың және/немесе олардың өкілдерінің арасында келіссөз жүргізу арқылы шешуге міндетті. Осы

Шартты орындау аясында Тараптар реттей алмаған барлық даулар ҚР қолданыстағы заңнамасында көзделген тәртіппен шешіледі.